


ЕЛ АЙНАСЫ - АҚЫНДАР

КЕШЕ:



"Орталық Қазақстан" газетінің сонау 28 қараша 1965 жылғы №281 (8738) басылымында жазушы Рымкүл Сүлейменов ағамыздың "Ел ағаларын ескерсек" деген мақаласында: "Бұлардың да өзіндік қолтаңбасы бар. Заты бұлардың еңбегі Ала-тау аспаса да, өзекті масштабқа, кең диапазонға ие болмаса да, өз аудиториясында еленген, құлаққа сіңген туындылар. Бұлар деп отырғанымыз ауыл ақыны, аудан ақыны атанған халық поэзиясының қарапайымда еңбекқор өкілдері. Ауылды советтендіру, коллективтендіру, бесжылдықтар, Ұлы Отан соғысы, халық шаруашылығын қалпына келтіру, міне, осы бел-белестердің бәрін де жырлады. Солардың бірі ақын ағамыз Жәкен Байтуов өз өлеңімен аудан өміріне етене араласып, бақытты тұрмысымызды жырға қосты.

Аз емес алған бағаң менің халқым,
Жайылды жер жүзіне ерлік даңқың,
Өлшеусіз байлық-ырыс қоймасындай,
Ақтарған сенің әр күн жерің алтын.

Егім бай, жерім кенді, ұлым алып,
Заманның асыл сырын ұғып алып.
Жыл сайын жаңа жеңіс туын ұстап,
Келеміз бас бәйгені бұрын алып, - дейді ақын өз жырында.

Жәкен ақынның шығармалары көркемдігі, идеясы жағынан өз тұрғыластарынікінен басым жатыр" - деп жазған еді.

1942 жылы облысымыздың аудандарында айтыс ұйымдастырылды. Сол жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы Өнер институтының халық творчествосы бөлімінде өткен ақын "Жәкен мен Маясардың айтысын" әдебиет зерттеуші Сәрсенбі Сатаев "Жұлдыз" журналының № 1, 1988 жылғы санында былай деп жазған:

"Қарағанды облысының ақындары Жәкен Байтуов пен Маясар Жапақовтың айтысында Совет ақындарының ауызбірлігін, тату-тәтті өмір тіршілігін, колхоздағы озат еңбектің табысын паш етіп, кемшіліктерді де отты жырдың қызуымен қақтайды".

Айтыстың басты тақырыбы - адалдық, шынайы адамгершілік.

Жәкен:

Қазақтың ата мұра салтын істеп,
Маеке, айтысқалы келдім іздеп.
Көшелі көпті көрген, ақын едің,
Қызғанда сөз шығатын тізбек-тізбек.

Аямай әлің жетсе қарпып кара,
Ойлама бала бүркіт жеңілер деп.
Бұл топта мінді айтып тап бермесем,
Келгем жоқ, беттөгеннен шегінем деп.
Аузыңнан шыққан сөзің жұртқа жағып,
Жаршы болып бастасаң дабыл қағып.
Жарыста ұлы дүбір кешке ере алмай,

Колхозың қалып қойған артта нағып.

Маясар:

Аңдап бас аяғыңды, ақын інім,
Осы елдің мен өзіңдей ақынымын.
Байқап соз аяғыңды көрпең шағын,
Бұл саған біле білсең, ақыл інім.

Қой өрген қотанынан мыңнан аса,
Айтыста ақсатушы ед ақынды кім?
Апқалты алып жатқан қалың сыыр,
Сездірет жеңетінін ақыры кім.
Айтқыш болсаң әуелі өз мініңді айт,
Сен соны айту үшін шақырылдың.

Жәкен:

Колхозым мың үш жүздей қой айдаған,
Өлкемде үйір-үйір жылқы ойнаған.
Жер сызған желіндері сиырларым,
Құлпырған кең даланы ен жайлаған.
Ішінен біздей жақсы ісі үшін сіздің колхоз,
Наркомнан мақтау алса қайда қалған?
Жоспарды жұмыртқа, сүт орындамай,
Мойныға қыруар борыш пайда болған.
Соны білсең, Маеке, көп таласа,
Жөн болар жеңілдім деп сөзді қойған.

Маясар:

Еске алсаң ата мұра қазақ салтын,
Деген бар көп сөз - көмір, аз сөз алтын.
Жеткен де, жетпеген де айтылды ғой,
Осымен тоқтатайық сөздің артын.
Сын болса жете айтылған - мін түзелер,
Еліме осы болсын берген анттым, - деп айтысқа түскен.

Осы жылдары "Советтік Қарағанды" газетінде бөлім меңгеруші қызметінде жүрген ауданымыздың "Шаруа теңдік" колхозының тумасы, жас ақын Жылқыбай Нұрбековпен Жәкеннің айтысы көңіл аударлық.

Жәкен:

Ертеден елдің көркі жер болады,
Ақын сөзі асқар тау бел болады.
Бастаушы ерің егер жүрсе тұсты.
Өмірде ел байлығы сол болады.
Жеріңнен ел қорғаны ер тумаса,
Бақытсыз ел, көрінгенге жем болады.
Өнер, ғылым-біліммен қаруланса,
Тірлікте докторлармен тең болады.

Жылқыбай:

Мен айтсам Октябрьдің шаруа жайын,
Қарыштап алға басқан күн-күн сайын.
Майданның тілетіне жұмысы сай,
Іздегенге не керек бәрі дайын.
Орындап өкіметтің бар тілегін,
Жұмыртқа, жүніменен, сары майың.
Еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін жырға қосқан,
ел құрметтетен ақындар шығармаларын дәріптеп,
көпшілікке жария ету бүгінгі ұрпақ парызы.

Ақынның баласы Жақсылық ЖӘКЕНҰЛЫ.